

А. А. Сидаевали, 3-курс

**Фылыми жетекшісі: Р. Ш. Қарымсақов, жедел-іздестіру қызметі кафедрасының профессоры, заң аудиторының кандидаты
(КР IIМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІН ЖҰЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕ ЖЕКЕ АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН САҚТАУ

Демократиялық даму жолына түскен мемлекет адам құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етуге тиісті. Біздің болашағымыз бен адамдар арасындағы қарым қатынастың қандай болатыны туралы сөз қозғағанда біз өзіміз құратын өркениеттің, болашақ қоғамыныздың моделін алдын ала білуге тиіспіз. Осы орайда Қазақстан Республикасы өзін құқықтық мемлекеттердің қатарына қосқандықтан, өз азаматтарының құқықтары мен бостандықтарына тұтастай кепіл береді. Демек, құқықтық мемлекетте адамның құқықтарын қорғай білу аса маңызды мәселе.

Адам құқықтары мен бостандықтары әрқашанда заңмен қорғалуы тиіс. Адам құқықтары мен бостандықтары туралы КР Конституциясының 1-бабының өзінде «мемлекеттіміздің ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» — деп көрсетілген. Міне, мұның өзі халықаралық құқықтағы адамның құқықтары мен бостандықтарын мойындаған талаптарға сәйкес келеді. Демек, бұл жүйенің жиынтығы азаматтың саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқығын сақтайтындығын көрсетеді.

Мемлекет өзінің қызметінде әлеуметтік мақсаттарға жету үшін қоғам оның саяси және билік құрылымы алдына қойған белгілі стратегияны, негізгі бағыттары мен әртүрлі мақсатты жүзеге асыру түрлерін қамтиды. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы болашақ әлеуметтік, экономикалық, ұлттық, мәдени және басқа да даму деңгейін жоғарылату мақсатында «Қазақстан — 2030» стратегиясын халыққа жолдады¹. Ұлттық қауіпсіздік, ішкі саяси тұрақтылық, қоғамның нығаюы және т. б стратегияның жоғары деңгейлі дамуына ұзак мерзімді басымдықтар болып табылады. Аталған басымдықтарды жүзеге асыруда жедел-іздестіру қызметінің де маңызы зор. Азаматтардың Конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, мемлекет мүдделерін қорғау, қоғамға қарсы жат қылмыстық әрекеттер жолын кесу, олардың алдын алу, жасалған қылмыстарды ашу, жазасын етеп жатқан сотталғандардың жаза өтеуден жалтаруы сияқты қылмыстарына қарсы күресу және жазасын етеп жатқан сотталғандарды түзету жолына қою қылмыстық атқару жүйесінде жедел-іздестіру қызметін жан-жақты дамытусыз және жетілдірусіз мүмкін емес. Жедел-іздестіру қызметі заңдылық, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау, қадір-қасиетін құрметтеу, азаматтардың заң алдында тәндігі қағидаттарына сәйкес, астыртын әрекет ету, жария және жария емес шараларды, кәсіби әдеп негізінде жүзеге асырылады.

Жедел-іздестіру Заңының 5-бабына тоқтала кетейік.

Онда, Заңмен көзделмеген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыруға, сондай-ақ, оларды жүргізу барысында алынған хабарламаларды пайдалануға жол берілмейді. Яғни осы Заңының 2-бабында көрсетілген жедел-іздестіру қызметінің міндеттері болып табылатын басқа да әрекеттер жасауға, өз өкілеттігін пайдаланып жедел-іздестіру шараларын жүргізу барысында алынған хабарламалар, басқа да іске қатысы бар материалдарды өзге мақсаттағы істерге пайдалануға тыйым салынуы болып табылады. Жедел-іздестіру қызметі нәтижесінде алынған, адамның жеке өміріне, ар-ожданы мен қадір-қасиетіне қатысты мәліметтер, егер оларда заңмен тыйым салынған іс-әрекеттер жасағаны туралы ақпарат болмаса, сақталуға жатпайды және жойылады деп көрсетілген².

Сонымен бірге жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінде де көрсетілген қағидаттары сақталуы тиіс және оларды атап көрсете кетсек.

Қылмыстық процесті жүргізуши орган қылмыстық процеске қатысушы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, оларды жүзеге асыру үшін жағдай жасауға, процеске қатысушылардың заңды талаптарын қанағаттандыруға уақытылы шаралар колдануға міндетті. Азаматқа қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде оның құқықтары мен бос-

тандықтарының бұзылуы салдарынан келтірілген зиян осы Кодексте көзделген негіздер мен тәртіп бойынша өтелуге тиіс.

Адамдардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты заң талаптарын сактамау тергеу және анықтау орган қызметкерлерінің өзінің мамандығын жетік білмеу себебінен туындайды. Мұндай қозғалған істер ПО беделін түсіру, сыйламаушылыққа әкеледі, елімізде қылмыстың болуын азайтпайды, азаматтардың ПО қызметкерлеріне сенімін азайтады.

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға байланысты жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру кезінде прокурорлық заңдылықты қадағалау тәртібі де дұрыс жүргізілуі де көп әсерін тигізеді. Прокуратура қызметкерлері жедел-іздестіру қызметкерлерінің жүргізіп жатқан жедел өндөу, жедел тексеру және т. б істеріне қадағалау тіртібін дұрыс жүзеге асыруы тиіс. Бұл жөнінде Прокуратура Заңының қағидаттарында да көрсетілген. Осы Заңға тоқтала кетсек, Заңының 5-бабында қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметі де айтылған. Және де Заңының 12-бабында сәйкес Бас прокурордың құзыретінде көрсетілген норма шығарушылық құқықтары бойынша жедел-іздестіру қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілер шығарса, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғалуына септігін тигізер еді³.

Осы тұрғыда қазіргі болашақ ішкі істер органдарына кәсіби білікті мамандарды дайындау мақсатында Қазақстан Республикасы ПМ оку орындарында жедел-іздестіру қызметі пәнінің алатын орны орасан зор. Себебі жедел аппарат лауазымына болашақ қызметкер күә, сезікті және т. б іске қатысты адамдармен өзара әрекеттерді өзінің құзыреті шегінде заң талаптарына сай жүзеге асыра білуге міндетті.

Азаматтардың Конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, олардың заңсыздықтың құрбаны болмауы мақсатында заң аясында әділ шешім шығара білетін болашақ білікті зангер мамандарды дайындау қазіргі таңда Қазақстан Республикасы ПМ оку орындарында қызмет атқарып жатқан профессорлық-оқытушылар құрамына жүктеледі.

¹ КР Президентінің «Қазақстан — 2030» Жолдауы Алматы 2007.

² «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Заңы (2009. 17 шілдегі өзгертулер мен толықтырулар).

³ «Прокуратура туралы» КР 1995. 21 желтоқсандағы Заңы (2004. 20 желтоқсандағы өзгертулер мен толықтырулар).